ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Бекітемін
Академия бастығының міндетін
уақытша атқарушысы
полиция полковнигі
_____ О.Ж. Жолдасов
2025 ж «30» 04

Жазбаша жұмыстарда мәтіндік сәйкестіктердің болуын
тексеруді жүргізу тәртібі туралы
Е Р Е Ж Е Л Е Р

Ғылыми кеңесі отырысында
мақұлданды және бекітілді
2025 жылы «30» 04
Хаттама №2

Астана, 2025

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережелер *(бұдан әрі – Ережелер)* Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Басқару академиясының ҒЗжРБЖҰБ бөлімімен диссертациялардың, монографиялардың, оқу құралдарының, оқулықтардың, эссе, ғылыми мақалалардың *(бұдан әрі – ғылыми жұмыстар)* түпнұсқалығын автоматтандырылған лицензиялық жүйесін пайдалану арқылы тексеруді жүргізу мақсатында әзірленген. Ережелер ғылыми және оқу процесін ұйымдастыру сапасы мен тиімділігін арттыру, білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің ғылыми жұмыстарды дербес орындауын бақылау мақсатында қабылданады.

1.2. Білім алушылардың жазбаша бағаланатын жұмыстары – магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар – өзге еңбектерден алынған материалдардың бар-жоғын, сондай-ақ мәтіннің мағынасын өзгертпей, сөздер мен тіркестерді синонимдік ауыстыру арқылы қолдану (парафраз), оның ішінде, басқа тілден аударылған мәтінді пайдалану фактілерін *(бұдан әрі – өзге еңбектерден алу)* анықтау мақсатында тексеруден өтеді.

1.3. Осы Ережелер ғылыми жұмыстарды әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндік сәйкестіктердің (қарыз алу) бар-жоғын анықтау және авторлық құқықтарды сақтау тұрғысынан тексеру тәртібін айқындайды. Ережелердің талаптары Академияның барлық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға, сондай-ақ факультеттердің, кафедралардың, бөлімдердің, институттар мен орталықтардың қызметкерлеріне *(бұдан әрі – бөлімшелер)* қолданылады.

1.4. Ережелер авторлық құқықтарды қорғау талаптарының, ішкі бұйрықтардың, нұсқаулықтардың, қағидалардың, ережелердің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бұйрықтарының, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің сақталуын айқындайды.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы *(2025 жылғы 16.09-дағы өзгерістер мен толықтырулармен).*

2.2. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі *(2025 жылғы 27.09-дағы өзгерістер мен толықтырулармен).*

2.3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы *(2025 жылғы 22.04-тағы өзгерістер мен толықтырулармен).*

2.4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы №20 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери және арнаулы оқу орындары білім алушыларының оқу жетістіктерін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу

қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы *(2025 жылғы 01.04-тағы жағдай бойынша өзгерістермен).*

2.5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы *(2024 жылғы 24.06-дағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).*

2.6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы «Білім беру жүйесін, оның ішінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласын бағалау тәуекелдерінің деңгейін айқындау критерийлері мен тексеру парақтарын бекіту туралы» *(2023 жылғы 26.04-тағы өзгерістер мен толықтырулармен).*

2.7. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұсынатын білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» бұйрығы.

2.8. Академияның бұйрықтары мен нұсқаулықтары.

3. Терминдер мен анықтамалар

3.1. *Академиялық адалдық* – білім алу және бағалау процесінде жеке адалдықты қалыптастыратын құндылықтар мен қағидаттардың жиынтығы. Сондай-ақ жазбаша бақылау және ғылыми жұмыстарды, зерттеулерді орындау кезінде адал мінез-құлықты білдіреді.

3.2. *Антиплагиат* – интернет желісіндегі ашық дереккөздерден және басқа да көздерден алынған мәтіндік сәйкестіктердің бар-жоғын анықтау мақсатында мәтіндік құжаттарды тексеруге арналған бағдарламалық-аппараттық кешен.

3.3. *Автоматтандырылған және лицензиялық жүйе* – тексерілетін құжаттардағы заңды және заңсыз мәтіндік сәйкестіктерді анықтап, олардың көлемі мен дереккөздерін көрсететін бағдарламалық құрал.

3.4. *Ғылыми жетекші* – білім алушыға ғылыми жұмыстарды орындау барысында ғылыми-консультациялық көмек көрсетуге жауапты тұлға.

3.5. *Метадеректер (ұқсастық туралы есеп)* – автоматтандырылған лицензиялық жүйесі арқылы жүргізілген тексеру нәтижесінде қалыптастырылатын құжат. Ол мынадай көрсеткіштерді қамтиды:

3.6. *Мәтіннің түпнұсқалығы* – тексеру жүйесінің дерекқорларындағы басқа мәтіндермен сәйкес келмейтін мәтін үлесі. Бұл көрсеткіш жұмыстың дербес орындалу деңгейін көрсетеді және мәтіннің жалпы көлеміне қатысты пайызбен көрсетіледі.

3.7. *Қарыз алу* (*Мәтіндік сәйкестіктер)* – тиісті сілтемелер мен дәйексөздерсіз басқа дереккөздердің мәтінімен сәйкес келетін мәтін үлесі.

3.8. *Дәйексөздер* – басқа дереккөздерден алынған, бірақ тиісті сілтемелермен және дәйексөз келтіру ережелеріне сәйкес ресімделген мәтін бөліктері.

3.9. *Өзін-өзі дәйектеу* – автордың осы жұмысқа дейін жарияланған немесе ұсынылған жұмыстарымен сәйкес келетін мәтін үлесі. Мұндай дәйексөздер дереккөз дұрыс көрсетілген жағдайда рұқсат етіледі және белгіленген нормативтерден аспауға тиіс.

3.10. *Плагиат* – дереккөздерге сілтеме жасамай немесе сілтемелер болғанымен, заимстволардың көлемі мен сипаты жұмыстың толық немесе негізгі бөлімдерінің дербес орындалуына күмән тудыратындай деңгейде болған кезде басқа автордың еңбегін көшіру, қайта баяндау немесе пайдалану. Сондай-ақ мәтінді әдейі өзгерту арқылы заимстволарды жасыру әрекеттері де плагиатқа жатады.

3.11. *Плагиат үшін жауапкершілік* – басқа автордың мәтінін немесе оның бір бөлігін тиісті түрде көрсетпей пайдаланғаны үшін академиялық және тәртіптік шараларды қолдану.

3.12. *Жүйелік әкімшісі* – заимстволардың бар-жоғын тексеруді жүргізуге жауапты тұлға *(ҒЗжРБЖҰБ бастығы).*

4. «Антиплагиат» жүйесін пайдалану тәртібі

4.1.Плагиат ғылыми мақаланы немесе басқа ғылыми жұмысты жариялауға жіберуден бас тартуға, сондай-ақ диссертацияны қорғауға жібермеуге негіз болып табылады.

4.2 Білім алушылар мен қызметкерлердің ғылыми жұмыстарды дербес орындауын бақылау, авторлық құқықтарды сақтау және плагиатқа жол бермеу мақсатында Академияда ақпараттың мәтіндік сәйкестік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін «Антиплагиат» жүйесі пайдаланылады.

4.3.Ғылыми жұмыс мәтінінің түпнұсқалық коэффициенті келесі формула бойынша анықталады.

$$\text{Мәтіннің бірегейлігі (\%)} = 100\ \% - \left[\frac{\text{Сәйкестіктердің жалып көлемі}}{\text{Мәтіннің жалып көлемі}} \times 100 \right]$$

4.4. Академияда білім алушылар мен қызметкерлердің ғылыми жұмыстарын орындау бойынша жалпы басшылықты ғылыми жетекшілер жүзеге асырады.

Ғылыми жетекшілердің ғылыми жұмыстарды тексеру қызметін үйлестіру мен бақылауды бөлімшелердің басшылары жүзеге асырады.

4.5. Бөлімшелерде ғылыми жұмыстарды плагиатқа тексеруге жауапты тұлғалар жұмыстарды қағаз және электрондық нұсқада қабылдайды және олардың сәйкестігін тексереді.

4.6. Мәтіндік сәйкестіктерді анықтау жүйесінде тексерілген докторлық диссертациялар Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының дерекқорында сақталады.

4.7. Жариялауға ұсынылған оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің ғылыми жұмыстары, сондай-ақ білім алушылардың магистрлік диссертациялары (жобалары) қарыз алуды анықтаудың лицензиялық

жүйелерінде (халықаралық дерекқорларды қоса алғанда), оның ішінде жасанды интеллект технологияларын оларға сілтеме жасамай пайдалану мәніне тексеру рәсімінен өтеді. Жоғары оқу орындары плагиатқа тексеру жөніндегі комиссияның болуын қамтамасыз етеді.

5. Тексеру жүргізу тәртібі

5.1. Автор ұсынылған материалдың дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық жауапкершілік көтереді.

5.2. Ғылыми жұмыстардың сапасын арттыру мақсатында осы Ережелер бір жұмыс бойынша тексерулер санына шектеу қоймайды.

5.3. Ғылыми жұмыстарға рұқсат беру үшін белгіленетін шекті мәндері (түпнұсқалық коэффициенті) Академияның бекітілген құжаттарына сәйкес айқындалады (Академиялық саясат, журнал саясаты, докторлық және магистрлік диссертацияларды (жобаларды) ресімдеу және орындау қағидалары).

5.4. Плагиатқа тексеру электрондық қолжазба нұсқасы алынған күннен бастап 20 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізіледі.

5.5. Автор (факультет қызметкерлері немесе ғылыми жетекшілер) жұмыстың электрондық нұсқасын ҒЗжРБЖҰ бөлімінің қызметкеріне ұсынады.

5.6.Бөлім қызметкері ғылыми жұмысты тексеріп, ұқсастық коэффициентін, бірегейлік деңгейін және мәтіндік сәйкестіктерді анықтайды. Алынған деректер негізінде плагиаттың бар-жоғын айқындап, өтінімде түпнұсқалық пайызын көрсетеді және есепті авторға ұсынады.

Бөлім қызметкері жұмысты қорғауға немесе жариялауға жіберу/жібермеуі туралы шешім қабылдай алмайды.

5.7. Егер автор тексеру нәтижесімен келіспеген жағдайда, плагиатқа тексеру жөніндегі Комиссия құрылады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар, қажеттілігіне қарай Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілуі мүмкін.

6.2. Ережелерге өзгерістер енгізу Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен ғана жүзеге асырылады. Ол ҒЗжРБЖҰ бөлімінің бастығының Академия бастығының орынбасарымен келісілген баянат негізінде қаралады. Өзгерістер мен толықтырулар жөніндегі ұсыныстар Ғылыми кеңес отырысында талқыланып, қатысқан мүшелердің кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады немесе қабылданбайды.

6.3. Осы Ережелерге енгізілген өзгерістер туралы хабарламалар Академияның барлық құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.